

**"2018-2020 жылдарға арналған Тарбағатай ауданы Қабанбай ауылдық округінің бюджеті туралы" Тарбағатай аудандық мәслихатының 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 21-5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 31-6 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Тарбағатай аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 5-16-165 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 3 қаңтардағы № 33-7 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 03.01.2019 № 33-7 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) .**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 106, 109-1 - баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына және "2018-2020 жылдарға арналған Тарбағатай ауданының бюджеті туралы" Тарбағатай аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 20-2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Тарбағатай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 қазандағы № 30-2 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-16-151 нөмірімен тіркелді) сәйкес Тарбағатай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2018-2020 жылдарға арналған Тарбағатай ауданы Қабанбай ауылдық округінің бюджеті туралы" Тарбағатай аудандық мәслихатының 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 21-5 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5412 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 24 қаңтарда жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. 2018-2020 жылдарға арналған Тарбағатай ауданы Қабанбай ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2018 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 18 472,1 мың теңге, соның ішінде:  
салықтық түсімдер – 4 479,0 мың теңге;  
салықтық емес түсімдер – 511,0 мың теңге;  
трансферттер түсімі – 13 482,1 мың теңге;
- 2) шығындар – 18 472,1 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге, соның ішінде:  
бюджеттік кредиттер – 0,0 мың теңге;  
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0,0 мың теңге;
- 4) қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0,0 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 0,0 мың теңге;"

3 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"2018 жылға арналған Тарбағатай ауданы Қабанбай ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен – 432,1 мың теңге көлемінде нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін.";

аталған шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы, Тарбағатай  
аудандық мәслихат хатшысы*

*С. Жақаев*

2018 жылғы 5 желтоқсандағы  
№ 31-6 Тарбағатай аудандық  
мәслихат шешіміне 1 қосымша  
2017 жылғы 28 желтоқсандағы  
№ 21-5 Тарбағатай аудандық  
мәслихат шешіміне 1-қосымша

## 2018 жылға арналған Қабанбай ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Сомасы (мың теңге)
Сыныбы			
Кіші сыныбы			
		Атауы	
		1. КІРІСТЕР	18 472,1
1		Салық түсімдері	4 479,0
	01	Табыс салығы	800,0
	2	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	800,0

04	Меншікке салынатын салықтар	3 329,0
	1 Мүлікке салынатын салықтар	52,0
	3 Жер салығы	462,0
	4 Көлік құралдарына салынатын салық	3 165,0
2	Салық емес түсімдер	511,0
01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	511,0
	5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	511,0
4	Трансферттердің түсімі	13 482,1
02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	13 482,1
	3 Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	13 482,1

Функционалдық топ			Сомасы (мың теңге)
Кіші функция			
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі,			
Бағдарлама			
		Атауы	
		II. ШЫҒЫНДАР	18 472,1
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	17 897,1
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	17 897,1
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	17 897,1
		001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17 697,1
		022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	200,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	450,0
	3	Елді-мекендерді көркейту	450,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	450,0
		008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	450,0
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	125,0
	1	Мәдениет саласындағы қызмет	125,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	125,0
		006 Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	125,0
		III. Таза бюджеттік кредит беру	0
		Бюджеттік кредиттер	0
		IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		V. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	0

